

Ленин туғи

КК(С)П-ын Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және К(б)П Петропавл Калалық Комитетінің органы шығуына 24-ші жыл

№48 (6497) | 1943 жыл 8 Март Дүйсенбі | Бағасы 20 тыйын

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММУНИСТІК КҮНІ-8 МАРТ ТУРАЛЫ

БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Әйелдердің халықаралық коммунистік күнін совет әйелдері быйыл жылы гитлер Германиясына және оның итаршыларына қарсы отан соғысының шешуші кезеңінде қарсы алып отыр. Әскерлеріміз үш айнан астам уақыттан бері ойлағандай жеңіс жасап барады. Жоғарғы саяси қолбасшы Сталин жолдастың сшылығымен Қызыл Армия неміс әскерлеріне әлденеше қыра соққы беріп, жауды жеңудің, бейбіт негізін салды. Ондаған қалалар және сан мыңдаған селолар мен деревнялар неміс басқыншыларынан азат етілді. Жауды совет елінен қуып шығару басталды. Совет әйелдері отан соғысында не фашист арашазаларға қарсы белсене күресушілердің қатарынан орын алып отыр. Өткен бүкіл тарихта ешқандай әйелдер өз отанын қорғауға көзгерідей, халқымыздың ұлы атық соғысындағыдай жанқиярлықпен қатнасқан емес. Совет әйелдерінің қорғайтын отан бар!

Совет өкметі еңбекші әйелдерге мықты барлық салаларында толық және нағыз тең право әперді. Әйелдерді мемлекетті басқаруға тартты, әйелдердің еркін творчестволық еңбек етіп, бақытты аналық құруы үшін барлық жағдайды жасады.

Халқымыздың өміріне, бостандығымен тәуелсіздігіне, еңбекші әйелдердің барлық тарихи табыстарына фашист қарақшылар қатер туызып отыр. Гитлершілдер уақытша алып алған совет аудандарында итүршігерлік жауыздық істеп, бейбіт халықты қырғынға ұшыратуда, әйелдер мен қыздарға зорлық-зомбылық істеп, балаларды азаптап өлтіруде. Жүз мыңдаған совет әйелдері фашист құлданушылар Германияға қаторгалық ауыр жұмыстарға алап алып кетуде.

Еліміздің еңбекші әйелдерінің жүзін неміс фашист жауыздарға деген барлық ыза және ұлы ешпенділік толы. Олар бүкіл халықпен бірге отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін зұлым жаудан қорғауға аттанды. Советтің патриот әйелдері алда және майданда қаһармандықпен және отанымызға, большевик партиямызға, Сталин жолдасқа берілгендіктің үлгісін көрсетуде.

Отан соғысы кезінде әйелдердің еңбекші өндірістегі ролі өлшеусіз. Фабрикалар мен заводтарда, колхоздар мен совхоздарда жұмыс істеуші сан миллиондаған әйелдер аямай еңбек істеп, майданды қажарлықпен, оқ дәрі және азық-түлікпен үздіксіз жабдықтау ісін

камтамасыз етуде. Мыңдаған әйелдер заводтарды, фабрикалар мен мекемелерді басқарады. Жүз мыңдаған әйелдер мен қыздар күрделі мамандықты меңгеріп, майданға кеткен ерлердің орнында қызмет істеп жүр. Әйелдердің ауыл шаруашылығындағы ролі ерекше әсті. Қазір колхоз өндірісінің негізгі ауыртпалығын колхозшы әйелдер көтеріп отыр. Оң мыңдаған әйелдер колхоздарды басқарып, бригадирлер, звеновожылар, мал шаруашылық фермаларының меңгерушілері, агрономдар болып қызмет істеп жүр.

Совет әйелдері мен қыздары батыр Қызыл Армия қатарында және партизандар отрядтарында неміс басқыншыларына қарсы жан аямай күрес жүргізіп, санитаркалар, медсестралар, дәрігерлер, байланысшылар, мергендер қызметін, әуе шабуылынан қорғану бөлімдерінде қызметті аброймен атқарып жүр. Командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, мұнымен бірге қаһармандық және батырлық көрсеткені үшін советтің көптеген даңқты әйелдеріне Советтер Союзының Геройы деген жоғары атақ берілді. Ұлы азаттық соғысына қатнасушы—мыңдаған әйелдер батылдық және қаһармандық көрсеткені үшін Советтер Союзының ордендары және медальдарымен нағардталды. Совет әйелдері жараланған жауынгерлерге көңіл бөліп, қамқорлық көрсетуде, Қызыл Армия үшін сыйлықтар және жылы киімдер жыйнау ісін ұйымдастыруда, самолеттер мен танктер жасауға арнап қаржы жыйнауға белсене қатнасуда, майдандағы жауынгерлердің семьяларына аналық қамқорлық жасап, жетім қалған балаларды өз семьяларының тәрбиесіне алууда. Оң мыңдаған совет әйелдері жараланған жауынгерлердің өмірін сақтау үшін өздерінің қанын беруде.

БК(б)П Орталық Комитеті партияның барлық ұйымдарына әйелдердің Халықаралық Күні—8 мартты жаппай саяси көпшілік зор науқан ретінде өткізуді ұсынады.

Жауды талқандау үшін отан соғысының қазіргі шешуші кезеңінде Қызыл Армияға көмекке совет халқы мен совет әйелдерінен барлық күшті жұмсау талап етіледі. Қызыл Армия шабуылды ұрыстар жүргізе отырып, немістерді совет елінен қууда. Бірақ жау әлі күшті, ол қасарыса қарсылық көрсетуде. Гитлер Германиясына қарсы күрес уақытты, құрбандықты, күштерімізді аябай жұмсауды және барлық мүмкіншіліктерімізді пайдалануды талап етеді.

Әйелдер еңбегінің барлық резер-

вүгін 8 март—әйелдердің Халықаралық Коммунистік күні

Совет әйелдері мен қыздары! Еркектердің мамандығын меңгеріңдер, майданға кеткен еркектердің орнын басыңдар! Әуе шабуылынан, химия шабуылынан қорғану ісін, санитарлық істі және байланыс ісін үйреніңдер! Барлық күшті неміс басқыншыларға қарсы күреске жұмсандар!

Еліміз бен майданға азық-түлікті өнеркәсібі үшін шекізатты еселеп мол беріңдер.

Бүгін толық мобилизациялау керек. Жанқиярлықпен еңбек істеу—советтің әрбір әйелі мен қызының қасиеті борышы. Әйелдерге өндіріс мамандығын үйрету және озат жұмысшы әйелдер мен колхозшы әйелдерді басшы қызметке жоғарылату ісін мейлінше өрістетуге керек. Партия, совет, профсоюз және комсомол ұйымдары қоғамдық өндірісте жұмыс істеуші әйелдердің тұрмыстық қажеті жөнінде әрдайым қамқорлық жасауға тиіс, өйткені әйелдерді өндіріске тартудың және олардың еңбек өнімдінің табысты болуы да осыған байланысты. Партия, комсомол және профсоюз ұйымдары әйелдерге, әсіресе өндіріске жанада келген әйелдерге саяси жағынан тәрбие беру ісіне ерекше көңіл бөлуге тиіс.

Жұмысшы, инженер және техник әйелдер! Шабуыл жасаушы Қызыл Армияға танктерді, самолеттерді, зенбіректерді, пулеметтерді, винтовкаларды, оқ дәріні, киім-кешекті барған сайын еселеп мол беріңдер! Металл кую, көмір және электр қуатын өндіру ісін арттырыңыздар! Өз істеріңіздің техникасын қалтқисыз меңгеріп, еңбек өнімін тынбай ұлғайтыңыздар!

Теміржолшы әйелдер! Майдан үшін қару-жарақ, оқ дәрі және азық-түлік тиелген поездарды тез жүргізіңіздер! Қызыл Армияның неміс фашист басқыншыларды талқандауына көмектесіңіздер! Темір жолдардың жұмысты тоқтаусыз, мүлтіксіз атқарып отыруы үшін күресіңіздер! Темір жол транспортының техникасын меңгеріңіздер!

Колхозшы әйелдер, МТС пен совхоздардың жұмысшы әйелдері! Қызыл Армия мен тылды азық-түлікпен жабдықтау қазір сіздердің егіс даласындағы жұмыстарыңызға байланысты. Сіздер қазір көктемгі егістің табысты болуын шешесіздер. 1943 жылы егіннен мол өнім алуды камтамасыз етіңіздер. Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!

Байланысшы, мерген және отан соғысына қатнасушы барлық әйелдер! Соғыс өнерін тынбай меңгеріңіздер! Қызыл Армияның байланыс ісін барынша жақсартып беріңіздер, атқан оқтарын мүлтік кетпесін! Әскерлеріміздің шабуылының ойдағыдай болуына барлық күштеріңізбен көмектесіңіздер! Гитлершіл басқыншыларды рақымсыз қыра беріңіздер!

Санитаркалар, медсестралар, дәрігер әйелдер! Алдыңғы позицияларда жараланған жауынгерлерге дер кезінде көмек көрсетіңіздер, жаралы жауынгерлер мен командирлерді олардың қару-жарақтарымен бірге өнім білдіреді.

БҮКІЛСОЮЗДЫҚ КОММУНИСТ (большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ.

Ұрыс даласынан алып шығыңыздар, госпитальдарда емделіп жатқан жауынгерлер мен командирлерге бүкіл жұрт болып көңіл бөліп, қамқорлық жасаңыздар! Советтің жараланған жауынгерлерінің өмірі және қайтандан қатарға қосылуы сіздердің жанқиярлық жұмысыңызға байланысты екенін естен шығармаңыздар!

Әйелдер мен қыздар! Әскери мамандықтарды жете меңгеріңіздер! Атқан оқтарын мүлтік кетпесін! Әуе шабуылынан, химия шабуылынан қорғану ісін, санитарлық істі және байланыс ісін үйреніңіздер! Жараланған жауынгерлерді мөлелеп күтіңіздер, майдандағы жауынгерлердің семьяларына аналық қамқорлық көрсетіңіздер! Жетім балаларға қамқорлық көрсету ісін өз міндеттеріңізге алыңыздар! Жетім қалған сәби-дің бірде-біреуі ананың әлдиңсіз қалмайтын болсын!

Неміс оккупанттарынан азат етілген қалалар мен селолардың әйелдері мен қыздары! Өнеркәсіпін, ауыл шаруашылығын, мектептерді, кітапханаларды, ауруханалар мен нан пісіретін орындарды тез қалпына келтіріңіздер! Қалалар мен селолардың қалыпты тұрмысын кемеліне келтіріңіздер!

Жау уақытша басып алған совет аудандарының әйелдері мен қыздары! Сіздердің азат етілетін сағатыңыз жақындап келеді. Партизан отрядтарының гитлершіл сұрқыяларды рақымсыз қыра беруіне көмектесіңіздер, қалаларымыз бен селоларымызды шегінген жаудың өртеуіне мұрша бермеңіздер!

Партизан әйелдер! Шабуыл жасаушы Қызыл Армияға барлық күш, құралмен көмектесіңіздер! Жаудың тылында партизан күресінің өртің қаулатыңыздар! Партизан отрядтарының жауынгерлік тапсырмаларын жанқиярлықпен орындаңыздар! Жаудың әскер, қару және оқ дәрі әкелуіне жол бермеңіздер, дүшпанын соғыс складтарын өртеңіздер! Соғыс өнерін тынбай меңгеріңіздер! Неміс басқыншыларын өкшелеп қуып, құрта беріңіздер!

БК(б)П Орталық Комитеті әйелдердің халықаралық коммунистік күні Советтер Союзының жұмысшы, колхозшы, интеллигент әйелдерін, санитарка, медсестра, дәрігер, байланысшы әйелдерін, даңқты партизан әйелдері мен барлық еңбекші әйелдерін құттықтап, совет әйелдері отан соғысының шешуші кезеңінде барлық күштерін неміс басқыншыларды біржолата талқандау ісіне жұмсайды деп қатты сенім білдіреді.

Ленин жүзі

КК(б)П-ын Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және К(б)П Петропавл Калалық Комитетінің органы

шығуына 24-ші жыл

№48 (6497) | 1943 жыл 8 Март Дүйсенбі | Бағасы 20 тыйын

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММУНИСТІК КҮНІ-8 МАРТ ТУРАЛЫ

БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Әйелдердің халықаралық коммунистік күнін совет әйелдері быйыл жылы гитлер Германиясына жауын итаршыларына қарсы отандығының шешуші кезеңінде қарсы алып отыр. Әскерлеріміз үш айнан астам уақыттан бері ойдағыдай жауын жасап барады. Жоғарғы саяси қолбасшы Сталин жолдастың сшылығымен Қызыл Армия неміс-фашист әскерлеріне әлденеше қыйра-соққы беріп, жауды жеңудің, бейбіт негізін салды. Ондаған қалалар және сан мыңдаған селолар мен деревнялар неміс басқыншыларынан азат етілді. Жауды совет елінен қуып шығару басталды. Совет әйелдері отан соғысында неміс-фашист арақшаларға қарсы белсенді күресушілердің қатарынан орын алып отыр. Өткен бүкіл тарихта ешқандай әйелдер өз отанын қорғауға қазірдей, халқымыздың ұлы атық соғысындағыдай жанқиярлықпен қатысқан емес. Совет әйелдерінің қорғайтын отандары бар!

Совет өкметі еңбекші әйелдерге мықты барлық салаларында толық және нағыз тең право әперді. Әйелдерді мемлекетті басқаруға тартты, әйелдердің еркін творчестволық еңбек етіп, бақытты аналық құруы үшін барлық жағдайды жасады.

Халқымыздың өміріне, бостандығымен тәуелсіздігіне, еңбекші әйелдердің барлық тарихи табыстарына неміс-фашист қарақшылар қатер туызып отыр. Гитлершілдер уақытша жауып алған совет аудандарында итүршігерлік жауыздық істеп, бейбіт халықты қырғынға ұшыратуда, әйелдер мен қыздарға зорлық-зомбылық істеп, балаларды азаптап өлтіруде. Жүз мыңдаған совет әйелдері неміс-фашист құлданушылар Германияға қаторгалық ауыр жұмыстарға апарып алып кетуде.

Еліміздің еңбекші әйелдерінің жүзін неміс-фашист жауыздарға деген барлық ыза және ұлы өшпенділік толы. Олар бүкіл халықпен бірге отанымыздың бостандығы мен тәуелділігін аулым жаудан қорғауға аттанды. Советтің патриот әйелдері алда және майданда қаһармандықпен және отанымызға, большевик-партиямызға, Сталин жолдасқа берілгендіктің үлгісін көрсетеді.

Отан соғысы кезінде әйелдердің қамдық өндірістегі ролі өлшеусіз. Фабрикалар мен заводтарда, колхоздар мен совхоздарда жұмыс істеуші сан миллиондаған әйелдер аямай еңбек істеп, майданды қажарлықпен, оқ-дәрі және азық-түлікпен үздіксіз жабдықтау ісін

қамтамасыз етуде. Мыңдаған әйелдер заводтарды, фабрикалар мен мекемелерді басқарады. Жүз мыңдаған әйелдер мен қыздар күрделі мамандықты меңгеріп, майданға кеткен ерлердің орнында қызмет істеп жүр. Әйелдердің ауыл шаруашылығындағы ролі ерекше әсті. Қазір колхоз өндірісінің негізгі ауыртпалығын колхозшы әйелдер көтеріп отыр. Оң мыңдаған әйелдер колхоздарды басқарып, бригадирлер, звеновождық, мал шаруашылық фермаларының меңгерушілері, агрономдар болып қызмет істеп жүр.

Совет әйелдері мен қыздары батыр Қызыл Армия қатарында және партизандар отрядтарында неміс басқыншыларына қарсы жан аямай күрес жүргізіп, санитаркалар, медсестралар, дәрігерлер, байланысшылар, мергендер қызметін, әуе шабуылынан қорғану бөлімдерінде қызметті аброймен атқарып жүр. Командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, мұнымен бірге қаһармандық және батырлық көрсеткені үшін советтің көптеген даңқты әйелдеріне Советтер Союзының Геройы деген жоғары атақ берілді. Ұлы азаттық соғысына қатынасушы—мыңдаған әйелдер батылдық және қаһармандық көрсеткені үшін Советтер Союзының ордендары және медальдарымен наградталды. Совет әйелдері жараланған жауынгерлерге көңіл бөліп, қамқорлық көрсетуде. Қызыл Армия үшін сыйлықтар және жылы киімдер жыйнау ісін ұйымдастыруда, самолеттер мен танктер жасауға арнап қаржы жыйнауға белсене қатынауда, майдандағы жауынгерлердің семьяларына аналық қамқорлық жасап, жетім қалған балаларды өз семьяларының тәрбиесіне алууда. Оң мыңдаған совет әйелдері жараланған жауынгерлердің өмірін сақтау үшін өздерінің қанын беруде.

БК(б)П Орталық Комитеті партияның барлық ұйымдарына әйелдердің Халықаралық Күні—8 мартты жаппай саяси-көпшілік зор науқан ретінде өткізуді ұсынады.

Жауды талқандау үшін отан соғысының қазіргі шешуші кезеңінде Қызыл Армияға көмекке совет халқы мен совет әйелдерінен барлық күшті жұмсау талап етіледі. Қызыл Армия шабуылды ұрыстар жүргізе отырып, немістерді совет елінен қууда. Бірақ жау әлі күшті, ол қасарыса қарсылық көрсетуде. Гитлер Германиясына қарсы күрес уақытты, құрбандықты, күштерімізді аямай жұмсауды және барлық мүмкіншіліктерімізді пайдалануды талап етеді.

Әйелдер еңбегінің барлық резер-

Вүгін 8 март—әйелдердің Халықаралық Коммунистік күні.

Совет әйелдері мен қыздары! Еркектердің мамандығын меңгеріңдер, майданға кеткен еркектердің орнын басыңдар! Әуе шабуылынан, химия шабуылынан қорғану ісін, санитарлық істі және байланыс ісін үйреніңдер! Барлық күшті неміс басқыншыларға қарсы күреске жұмсандар!

Еліміз бен майданға азық-түлікті өнеркәсібі үшін шекізатты еселеп мол беріңдер.

Бұл толық мобилизациялау керек. Жанқиярлықпен еңбек істеу—советтің әрбір әйелі мен қызының қасиеті борышы. Әйелдерге өндіріс мамандығын үйрету және озат жұмысшы әйелдер мен колхозшы әйелдерді басшы қызметке жоғарылату ісін мейлінше өрістетуге керек. Партия, совет, профсоюз және комсомол ұйымдары қоғамдық өндірісте жұмыс істеуші әйелдердің, тұрмыстық қажеті жөнінде әрдайым қамқорлық жасауға тиіс, өйткені әйелдерді өндіріске тартудың және олардың еңбек өнімдінің табысты болуы да осыған байланысты. Партия, комсомол және профсоюз ұйымдары әйелдерге, әсіресе өндіріске жаңада келген әйелдерге саяси жағынан тәрбие беру ісіне ерекше көңіл бөлуге тиіс.

Жұмысшы, инженер және техник әйелдер! Шабуыл жасаушы Қызыл Армияға танктерді, самолеттерді, зениткерлерді, пулеметтерді, винтовкаларды, оқ-дәріні, киім-кешекті барған сайын еселеп мол беріңдер! Металл күй, көмір және электр қуатын өндіру ісін арттырыңыздар! Өз істеріңіздің техникасын қалтқысыз меңгеріп, еңбек өнімін тынбай ұлғайтыңыздар!

Теміржолшы әйелдер! Майдан үшін жару-жарак, оқ-дәрі және азық-түлік тиелген поезддарды тез жүргізіңіздер! Қызыл Армияның неміс-фашист басқыншыларды талқандауына көмектесіңіздер! Темір жолдардың жұмысты тоқтаусыз, мүлтіксіз атқарып отыруы үшін күресіңіздер! Темір жол транспортының техникасын меңгеріңіздер!

Колхозшы әйелдер, МТС пен совхоздардың жұмысшы әйелдері! Қызыл Армия мен тылдың азық-түлігімен жабдықтау қазір сіздердің егіс даласындағы жұмыстарыңызға байланысты. Сіздер қазір көктемгі егістің табысты болуын шешесіздер. 1943 жылы егіннен мол өнім алуды қамтамасыз етіңіздер. Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!

Байланысшы, мерген және отан соғысына қатынасушы барлық әйелдер! Соғыс өнерін тынбай меңгеріңіздер! Қызыл Армияның байланыс ісін барынша жақсартып беріңіздер, атқан оқтарың мүлт кетпесін! Әскерлеріміздің шабуылының ойдағыдай болуына барлық күштеріңізбен көмектесіңіздер! Гитлершіл басқыншыларды рақымсыз қыра беріңіздер!

Санитаркалар, медсестралар, дәрігер әйелдер! Алдыңғы позицияларда жараланған жауынгерлерге дер кезінде көмек көрсетіңіздер, жаралы жауынгерлер мен командирлерді олардың қару-жарақтарымен бірге

ұрыс даласынан алып шығыңыздар, госпитальдарда емделіп жатқан жауынгерлер мен командирлерге бүкіл жұрт болып көңіл бөліп, қамқорлық жасаңыздар! Советтің жараланған жауынгерлерінің өмірі және қайтандан қатарға қосылуы сіздердің жанқиярлық жұмысыңызға байланысты екенін естен шығармаңыздар! Әйелдер мен қыздар! Әскери мамандықтарды жете меңгеріңіздер! Атқан оқтарың мүлт кетпесін! Әуе шабуылынан, химия шабуылынан қорғану ісін, санитарлық істі және байланыс ісін үйреніңіздер! Жараланған жауынгерлерді мәпелеп күтіңіздер, майдандағы жауынгерлердің семьяларына аналық қамқорлық көрсетіңіздер! Жетім балаларға қамқорлық көрсету ісін өз міндеттеріңізге алыңыздар! Жетім қалған сәбидің бірде-біреуі ананың алдына келмейтін болсын!

Неміс-оккупанттарынан азат етілген қалалар мен селолардың әйелдері мен қыздары! Өнеркәсіпін, ауыл шаруашылығын, мектептерді, кітапханаларды, ауруханалар мен нан пісіретін орындарды тез қалпына келтіріңіздер! Қалалар мен селолардың қалыпты тұрмысын кемеліне келтіріңіздер!

Жау уақытша басып алған совет аудандарының әйелдері мен қыздары! Сіздердің азат етілетін сағатыңыз жақындап келеді. Партизан отрядтарының гитлершіл сұрқыларды рақымсыз қыра беруіне көмектесіңіздер, қалаларымыз бен селоларымызды ішегінен жаудың өртеуіне мұрша берменіздер!

Партизан әйелдер! Шабуыл жасаушы Қызыл Армияға барлық күш, құралмен көмектесіңіздер! Жаудың тылында партизан күресінің өртің қаулатыңыздар! Партизан отрядтарының жауынгерлік тапсырмаларын жанқиярлықпен орындаңыздар! Жаудың әскер, қару және оқ-дәрі әкелуіне жол берменіздер, дұшпанның соғыс складтарын өртеңіздер! Соғыс өнерін тынбай меңгеріңіздер! Неміс басқыншыларын өкшелете қуып, құрта беріңіздер!

БК(б)П Орталық Комитеті әйелдердің халықаралық коммунистік күні Советтер Союзының жұмысшы, колхозшы, интеллигент әйелдерін, санитарка, медсестра, дәрігер, байланысшы әйелдерін, даңқты партизан әйелдері мен барлық еңбекші әйелдерін құттықтап, совет әйелдері отан соғысының шешуші кезеңінде барлық күштерін неміс басқыншыларды біржолата талқандау ісіне жұмсайды деп қатты сенім білдіреді.

БҮКІЛСОЮЗДЫҚ КОММУНИСТ (большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ.

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН

5 МАРТТАҒЫ КЕШКІ ХАБАР

5 мартта әскерлеріміз бұрынғы ағыттарда шабуылды ұрыстар жүргізуде болды.

* 4 мартта авиациямыздың бөлімдері майданның түрлі учаскелерінде ұшпанның әскері мен жүгі бар 100-ей автомашинасын жойды, зияндаы, 15 артиллерия батареясын бастөртпей тастады, оқдарі қойған складын талқандады.

* Ржевтің оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ойдағыдай шабуыл тасай отырып, 50ден аса елді пункттерді алды. Немістер жаяу әскерлерінің, танктері және артиллерияының күшімен әрекет жасап, табан-ресер қарсылық көрсетуде. Әскерлеріміз дұшпанның қорғануын бұып, оның қолайлы шептерге бекіуіне мұрша бермеуде. Н. бөлімінің сауынгерлері өзеннен өтіп, бір үлкен елді пунктті алды, сөйтіп 300ден са гитлершілдерді құртып жіберді және 7 зеңбіректі, 8 миномет пен радиостанцияны қолға түсірді. Бөлімшелеріміз екінші бір учаскеде ұшпаннан 6 танкті, 160 мың патроны тағы басқа олжаларды қолға түсірді.

* Дондағы Ростовтың батыс жағында әскерлеріміз күн тәуліктің ішінде 200ден аса гитлершілдерді жойып, немістердің 3 танкі мен біреше зеңбірегін қыйратты. Жаяу әскер қаруының оғымен немістердің самолеты атып түсірілді.

* Ворошиловградтың оңтүстік-батыс жағында бөлімдеріміз қатты ұрыстардың нәтижесінде 300дей гитлершілдерді жойып, жаудың 2 танкі қыйратты, 6 пулеметін, танк атағын 4 мылтығын қолға түсірді. Совет жауынгерлері екінші бір учаскеге қарсы атакаға шыққан дұшпанды ұып тастап, жаудың 2 взводтан аса жаяу әскерлерін құртып жіберді.

* Харьковтың солтүстік-батыс жағында Н. бөлімі немістердің жаяу әскер батальонын талқандап, танк патын 4 зеңбіректі, 11 пулеметті және оқдарі тиелген 5 автомашинаны қолға түсірді.

* Севскі ауданында әскерлеріміз ойдағыдай шабуыл жасай отырып, бірнеше елді пункттерді алды. Бір учаскеде әскерлерімізді бөгеуге тырмысып, немістер танктерінің жәр көмімен қарсы атака қолданды. Ұрыстың нәтижесінде немістердің 7 танкі өртелді және 3 танкі қыйратты. Севскі қаласында бөлімдеріміз қаудан 515 адамды, азық-түлік және мал азығы қойылған 4 складты, көптеген қару-жаракты, оқдаріні және басқа олжаларды қолға түсірді.

* Львовтың батыс жағында бөлімдеріміз дұшпанның қарсылығын же-

ңіп, 10 елді пунктті алды. Ұрыс болған жерде жаудың 1.000дай өліктері қалды. Немістердің 650 солдаты мен офицері, 15 зеңбірегі, 5 автомашинасы, 30 ат-шанасы, азық-түлік склады және жаудан басқа олжалар қолға түсірілді.

* Украина аудандарының бірінде қыймыл жасаушы партизан отряды станцияға және станция жанындағы поселкедегі дұшпанның гарнизонына ойдағыдай шабуыл жасады. Партизандар қатты ұрыста немістердің 100дей солдатын, майоры мен екі обер-лейтенантын жер жастантты. Совет патриоттары 5 складты, автомашиналары бар гаражды, 50 тонна жанармайды жойды, паровоз бен 2 километрлік темір жолды талқандады. Партизандар жаудан едәуір олжа түсірді.

* Солтүстік-Батыс майданындағы учаскелердің бірінде немістердің 290-жаяу әскер дивизиясындағы 502-полктің бір топ солдаттары қолға түсірілді. 8-ротаның обер-ефрейторы қолға түсірілген Георг Боберг былай деді: «Өткен жылдың күзінде роталарымызда неміс журналисі, Берлиннің бір газетінің редакторы болды. Ол солдаттардың сұрақтарын тындап, оларға жауап беруге тілек білдірді. «Соғыс қашан бітеді?», «Қысқы уақытта Шығыс майданында ірі ұрыстар болады деп күтуге бола ма?» деген сұрақ қойды оған солдаттар.

Редактор мынадай жауап берді: «Кешікпей-ақ герман армиясы орыстарды Сталинград жанында талқандап, бұл Еділ қамалын алады. Сталинградты алу—бұл орыстарды кеңірдегінен алу деген сөз. Неміс армиясы оңтүстікте қыс түскенге дейін Кавказды оккупациялау ісін аяқтап, мұнай қоймаларын қолына алады. Сонымен Шығыстағы соғыстың негізінен аяқталды деп есептеуге болады. Оңтүстік пен Кавказдың байлықтарына сүйене отырып, Германия материалдық жағынан орасан ресурстарға ие болады. Сол уақытта командование Шығыс майданынан неміс әскерлерінің кем дегенде үштен екі бөлігін Батысқа жұмсап, Англияға үзілді-кесілді сокқы бермек. Алдағы қыста Шығыс майданында ірі ұрыстар болмақ емес. Гитлер мұның бәрін күні бұрын болжады. Орыстар жергілікті манызы бар операциялар ғана қолданатын болар, олардың жағдайды өзгертуге халі келмейді».

Қазір, бұл редакторды іске алғанда, көптеген солдаттар: «Егер бұл мылжың қолымызға түссе, оның сазайын тартқызып болар едік» дейді.

колхозының председатели орденді Ахметов жолдастар әрқайсысы қолма-қол ақшадай 3.000 сом берді. Бейнеткор МТС ремонт мастерскойының үлкен бригадирі Акжанов, механик Кобачев және мастерской бастығы Насевич жолдастар Сталинград қаласын қалпына келтіру ісіне арнап өздерінің үш күндік еңбек ақыларын тапсырды. Комсомолцетер Зікірин және Астафьев жолдастар әрқайсысы 100 сом берді.

Ш. БЕЙСЕНБАЕВ

КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ ОЙДАҒЫДАЙ ӘЗІРЛІК

Булаев ауданының Дмитриев атындағы колхозының (председатели Степанов жолдас) мүшелері бұйыл егіннен мол өнім алу үшін майдандық айлық өткізуге жаппай ұштасты. Колхоз қазір ауыл шаруашылық құрал-саймандарын түгел ремонттады. Ремонт сапалы. Туқым кую, қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыш заттар әзірлеу жұмысы да үлгілі жүргізілуде.

Өнегелі іспен жауап беруде

Жоғарғы Бас колбасшы Сталин жолдастың бұйрығына өнегелі іспен жауап бере отырып, Шағлы МТСның мастерской жұмысшылары майданға көмекті еселеп күшейту мақсатымен еңбек өнімін барған сайын арттыруда. «ЧТЗ» тракторларын ремонттаушы Дивисин жолдастың басқаруындағы бригада міндеттемелерін аброймен орындауда.

Қазір бригада жұмыс нормасын 120 процент орындап жүр.

Ремонтшы комсомолкалар жұмыс қарқынын анағұрлым үдете түсті. Савицкая және Рецкова жолдастардың басқаруындағы бригада ремонт жұмысын 8 мартқа дейін аяқтауға уәде берген болатын. Міндеттеме орындалды. Барлық трактор 7 мартқа дейін толық ремонтталды.

Ұсталар цехы да стахановша еңбек істеуде. Темір ұсталары Деменко, Сокол, Пищугина жолдастар еңбек өнімін күн сайын арттыруда.

Е. Шәріпов.

100.000 сом тапсырды

Булаев ауданының еңбекшілері Молотов атындағы завод коллективінің патриоттық бастамасын қошеметпен қарсы алып, Еділ қамалы Сталинград қаласын қалпына келтіру қорына 100.000 сом қаржы тапсырды.

Чистян МТСның жұмысшылары мен қызметкерлер коллективі бұл игілікті іске арнап, 6.000 сом қаржы берді. «Геологотрест» конторының жұмысшылары мен қызметкерлері 8.000 сом, Булаев элеваторының коллективі 5.000 сом ақша тапсырды.

Р. ЖАЙСАҚОВА.

ШЕТ ЕЛДЕРДЕ

Солтүстік Африкада соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 2 март. (ТАСС). Рейтер агенттігі одақтастардың Солтүстік Африкадағы әскерлері штабының мазмұндамасын берді. Онда одақтастардың әскерлері Кассериннен солтүстік-шығысқа таман 20 миль жердегі ауданда ілгерілеуде болды делінген. Олар Сбейтланы алып, қаладан шығысқа қарай 3 километр ілгерілеген. Тунистің солтүстік бөлігінде дұшпанның атакалары тынған. 1 мартқа қараған түнде одақтастардың бомбардировщиктері Бизертаның доктарын бомбалаған. Кеше «Ушкыш қамал» самолеттері Палермо (Сицилия аралы) объектілеріне шабуыл жасаған. Кеше Американың ауыр бомбардировщиктері Неапольге атака жасаған. Бомбалар доктар ауданына түскен.

Берлинге жасалған шабуылдың толық хабары

ЖЕНЕВА, 2 март. (ТАСС). 2 мартқа қараған түнде ағылшын самолеттерінің Берлинге ірі шабуыл жасағандығын гитлершіл Трансокеан агенттігі хабар етті. Шабуыл нәтижесінде едәуір шығын болған. Қаланың бірсыпыра кварталдарында көптеген үйлер қыйраған.

Индияның жайы туралы Иденнің пікірі

ЛОНДОН, (ТАСС). Информация министрлігінің хабары бойынша, Община Палатасының мәжілісінде лейборист фракциясының лидері Гринвуд Палатаның жуықтағы мәжілістерінің бірінде Индияның жалпы жайы жөнінде мәселе бойынша жарыс сөз бастауды талап еткен. Община Палатасының лидері Иден бұған жауап ретінде, үкметтің пікірі бойынша, істің мәңжайында, сондай-ақ, Гандидің аштық жариялауына байланысты, жарыс сөздің еңқандай пайда бермеуі былай тұрсын, керісінше нәтиже берілетінін мәлімдеген. Үкмет істің өршуіндегі болған жағдайды келесі аптада талқылауға әзір көрінеді.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

Сельхозснабтың облыстық конторына түпкілікті жұмысқа секретарь-машинистка, жұмысшылар және күзетшілер КЕРЕК. Еңбек ақы смета бойынша.

Адрес: Осипенко көшесі, 14-үй, Сельхозснаб.

Элеваторға астық продуктыларының орынды жұмсалуды бақылайтын инспектор, күзетшілер, слесарьлар, балташылар, тас қазушылар және басқа мамандықтағы ер, әйел жұмысшылар КЕРЕК.

Кадрлар секторынан білуге болады.

Бүгін және күн сайын

„ОЧАРОВАН ТОБОЮ“

деген жаңа фильм көрсетіледі. Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталады. Касса сағат 3-тен бастап ашық.

Совхозснабқа түпкілікті жұмысқа сабын қайнатушы маман жұмысшы КЕРЕК. Еңбек ақы келісім бойынша.

ГЛАВМЕТАЛСБЫТ СКЛАДЫНА құрылысшы-техник, күзетшілер КЕРЕК. Адрес: Андреев көшесі 70-үй.

Кір жуушылар, үй сыпырушылар, күзетшілер КЕРЕК. Қызмет жөнінде Красноармейскі көшесі 19-үйге келіп білуге болады.

Бүгін және күн сайын

„ГЕОРГИЙ СААКАДЗЕ“

деген көркем суретті үнді фильм көрсетіледі. Сеанстар сағат 6-8-10 басталады.

ИГІЛІКТІ ІС ҮШІН

Совет ауданындағы Сарытомар ауыл Советінің қамтуындағы ауыл шаруашылық артельдерінің мүшелері қаһарман Сталинград қаласын қалпына келтіру үшін мемлекет банкіне 50.000 сом қаржы тапсырды.

„Қызыл ту“ колхозының председатели Оразымбетов жолдас 15.000 сом, „Тенелдік“ колхозының мүшесі Муктасаров 10.000 сом, „Сарытомар“ колхозының мүшесі Жуманова 5.000 сом, Сарытомар орта мектебінің директоры Аканов және „Еңбек“